

# "ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

## Б А С П А С Ө З М Ә Л І М Д Е М Е С І

Алматы қ.

19 шілде 2017 жыл

### Қазақстан қор биржасы "KASE Day in Shymkent" тақырыбына іскери-таңғы ас өткізді

Қазақстан қор биржасы (Биржа, KASE) 2017 жылдың 19 шілдесінде Шымкент қаласында іскерлік-таңғы ас ұйымдастырып, осы іс-шара барысында Оңтүстік-Қазақстан облысының (ОҚО) ірі компанияларының өкілдері KASE қызметінің негізгі бағыттарымен, оның өнімдерімен және қызметтерімен танысып, сондай-ақ, отандық бизнес үшін ашылған, қор нарығының жаңа мүмкіндіктері туралы ақпараттандырылды.

Іс-шараға және ОҚО әкімдіктерінің және Шымкент қаласының, Оңтүстік-Қазақстан облысының "Атамекен" кәсіпкерлер палатасының, "Даму" ҚДҚ" АҚ филиалының, "СПК "Шымкент" ҰК" АҚ, "ЭСК "KazakhExport" АҚ, "KAZAKH INVEST" Ұлттық компаниясы" АҚ және өңірдің КОБ өкілдері қатысты.

"Оңтүстік-Қазақстан облысы, белсенді кәсіпкерлік ортасы бар, Қазақстанның жетекші агломерациялық және экономикалық өңірлерінің бірі екенін ескере отырып, KASE бүгінгі таңдағы басты мақсаты – ОҚО бизнесінің өкілдерін биржалық нарықтың құралдары арқылы қосымша қаржыландыру көздері туралы ақпараттандыру болып табылады", – деді өз сөзінде бизнесті дамыту жөніндегі басқару директор KASE Басқармасының мүшесі Қайрат Тұрмағамбетов.

Қазақстанның қор нарығы бүгінгі таңда корпоративтік сертор үшін банктік қаржыландырудың альтернативасы болып келеді Бұл ретте KASE бағалы қағаздардың отандық нарығының локомотиві және ұйымдастырушысы болып, және жалпы экономиканың даму факторларының бірі ретінде, отандық компанияларды қор нарығына тарту үшін жағымды жағдайлар жасауға ұмтылады.

#### Анықтама үшін

**"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE)** Орталық-Азия өңіріндегі жетекші және өз қызметін Қазақстанның қаржылық нарығында жүзеге асыратын жалғыз қор биржасы болып табылады. Бұл репо нарығының құралдары, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздардың, халықаралық қаржы институттарының облигацияларының, сондай-ақ туынды қаржы құралдарының әмбебап сауда-саттық алаңы.

KASE Дүниежүзілік биржалар федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалардың федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі болып табылады. 2015 жылы KASE БҰҰ "Қор биржалар тұрақты даму үшін" бастамасына қосылды. KASE ТМД биржалары арасында бағалы қағаздар сауда-саттығының көлемі бойынша 2-ші орынға иеленіп, FEAS биржаларының акциялар нарығының капитализациясы бойынша топ-5 кіреді.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, [pr@kase.kz](mailto:pr@kase.kz)